

<p style="text-align: center;">ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ</p>		<p style="text-align: center;">МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН</p>
<p>010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі» тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16</p> <p style="text-align: right;">№ _____</p> <p>№ _____</p>		<p>010000, город Астана, «Дом министерств» тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16</p>

15.11.2017-ғы № 5302-1-1316-Д/11-6 шығыс хаты

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2017 жылғы 14 қыркүйектегі
№ДС-203 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) ата-аналардың сұранымын қанағаттандыру мақсатында балабақшалардың жұмыс режимін ұйымдастыру туралы мәселені шешуге қатысты хабарлайды.

Аталған проблеманы шешуге кедергі келтірмейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердегі нормаларға сүйене отырып Министрлік өңірлердегі әкімдіктерге мәселені жергілікті деңгейде шешу үшін хат (29.09.2017 жылғы № 4-11-6/3252-И) жолдады.

Бүгінгі күні жергілікті атқарушы органдар жоғарыда аталған мәселені зерделеп, негізінен қалалық жерлердегі 49,2% құрайтын балабақшалардың жұмыс режимін 10,5 сағаттықтан 12 сағаттық жұмыс күні режиміне ауыстыру үшін 2018 жылға қосымша қаражат қарастыру мәселесін қарастыруда.

Өңірлердің білім басқармалары ақылы түрдегі кешкі кезекші топтар ашудың қажеттілігін анықтау мақсатында ата-аналар арасында сауалнама жүргізді.

Республикада 9844 (7053 мемлекеттік және 2791 жекеменшік) мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс істейді. Олардың 53%-данастамы бес күндік жұмыс аптасындағы 12 сағаттық жұмыс күні тәртібінде (Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстары) жұмыс істейді.

Астана қаласы бойынша ата-аналардың сағаттық төлемақы есебінен ақылы негізде кешкі уақытта кезекші топтар (19.00-ге дейін) ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2018 жылдан бастап қаланың барлық балабақшаларында ата-аналардың келісімімен осындай топтар ашылатын болады.

Бұл мәселені шешу бойынша жұмыстарды облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары жалғасатыратын болады.

Министр

Е. Сағадиев

Орынд: Ж. Есимбекова

Тел: 74-27-26